

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2022-02.09.2022ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| Күн тәртібінің кезеңдері                                                                                                                 | <i>Дүйсенбі</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <i>Сейсенбі</i> | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i><br><b>01.09.2022</b>                                                                                                        | <i>Жұма</i><br><b>02.09.2022</b>                                                                                                       |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                                                                                | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу ( <i>сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу</i> )                                                                                      |                 |                 |                                                                                                                                             |                                                                                                                                        |
| <b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>                                                                                              | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                 |                 |                                                                                                                                             |                                                                                                                                        |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары ( <i>тәрбиеші ұйғарымы бойынша</i> )<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) ( <i>құрастыру, сурет салу, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет</i> ))<br><b>Балалармен жеке жұмыс.</b> |                 |                 |                                                                                                                                             |                                                                                                                                        |
| <b>Таңертенгі жаттығу</b>                                                                                                                | <b>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)</b><br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br><b>(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>                                              |                 |                 |                                                                                                                                             |                                                                                                                                        |
| <b>Таңғы ас</b>                                                                                                                          | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</b><br>Астарың дәмді болсын!                                                                                                                                                                    |                 |                 |                                                                                                                                             |                                                                                                                                        |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                 |                 | <b>Шаттық шеңбері</b><br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Күлімдеп күн шықты,<br>Жадырап нұр төкті.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b> | <b>«Ақ тілек» шаттық шеңбері.</b><br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек. |

|                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|-------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b> | <b>Мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |  | <p><b>Музыка</b><br/>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Математика негіздері</b><br/>Ойыншықтармен танысайық.</p> <p><b>Мақсаты:</b><br/>Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету, теңдік және теңсіздік, бір саны туралы ұғымдарды қалыптастыру; ойыншықтар туралы түсініктерді тиянақтау.</p> <p><b>Сөздік жұмыс</b><br/>Жаттығуды орындау барысында: «биік», « аласа», «саны көп», «саны аз», «саны тең», «жиыны бір», «жиыны екі» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>Педагог жоспары бойынша</p> | <p><b>Қазақ тілі</b><br/>Педагог жоспары бойынша</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу</b><br/><b>Мақсаты:</b>Балалардың табиғат туралы негізгі ұғымдарын кеңейту; жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде түсінік бере отырып, білімдерін әрі қарай жетілдіру; балабақша маңайында ауа-райын бақылап, күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету;</p> <p><b>Сөздік жұмыс</b><br/>"Балабақша", "Күз келді, бақшама!", "жанды табиғат", "жансыз табиғат", "ауа райы", "күзгі құбылыстар" сөздерін пайдалану.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>Педагог жоспары бойынша</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b>            | <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (<i>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</i>).</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p> |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Серуен</b>                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |  | <p><b>Желдің соғуын бақылау.</b><br/><b>Бақылау:</b> балалардың бақылау дағдыларын</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <p><b>Күздің ерте немесе кеш келуін бақылау.</b><br/><b>Бақылау:</b> табиғаттағы</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |

|                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  | қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау.<br><b>Қимылды ойын:</b><br><b>«Желбезекпен жүгіру».</b><br><b>(дене шынықтыру)</b><br>Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.<br><b>Еңбек:</b> тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.<br><b>Өз бетімен ойындар ойнау:</b><br><b>«Желбезекпен ойын».</b> (дене шынықтыру)<br>Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | өзгерістерді бақылауды үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, күзгі өзгерістерді ажырата білу.<br><b>Қимылды ойын.</b><br><b>«Астықты тасымалдау»</b><br><b>(дене шынықтыру)</b><br>Дабыл бойынша арбамен «астық» тасу, бір шетінен екінші шетіне тасу. Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br><b>Еңбек:</b> гүлзарда жұмыс істеу. Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу.<br><b>Өз бетімен ойындар.</b><br><b>«Құмда сурет салу»</b> (сурет салу)<br>Балаларға құмда сурет салуды үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, балаларды мақтау. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <i>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</i> )                                                                                                                                                                                                 |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Түскі ас        | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b> |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Күндізгі ұйқы   | Жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын сақтайды<br>Балалардың ұйықтауына жайлы орта жасау «Бесік жыры» тыңдату ( <i>музыка</i> ), «Бөдене мен түлкі» ертегісін оқып беру ( <i>көркем</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

|                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                          | <i>әдеиет)</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                        | Аяқ қолға, көзге арналған жаттығулар кешені.<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету ( <i>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, танымдық дағдыларын дамыту</i> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                          | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)<br>Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру «Асты қадірле» әңгімелесу ( <i>сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті</i> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |  | <b>Эстафеталық ойындар</b><br>“Кегильді доппен құлату”<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды салауатты өмір салтына бейімдеу және дене шынықтыруоку қызметіне қызығушылығын арттыру. Эстетикалық және этикалық тәрбиеге үйрету. Шапшаң қимылдауды, жарыса жүгіруді дамыту | <b>Желілі рөлді ойын</b><br>“Құрылысшы”<br><b>Мақсаты:</b> ересектердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Құрылысшы мамандық иелерінің қызметі туралы білімдерін дамыту, үй құрастыру дағдыларын қалыптастыру, ептілікті дамыту.<br>Дид-қ ойын: «Әсем үйлер» |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b>                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |  | Айбүбіге отбасы жайлы әңгімелеуге өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету.                                                                                                                                                                                           | Мариямға пішіндерді атауға, түстерді ажырата білуге үйрету.                                                                                                                                                                                                  |
| <b>Серуенге дайындық</b>                                                                                                                 | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды үстіне киген киімдеріне қарап, шкафта қалдыратын заттардың орнын тексеріп, тәртіп орнатуға шақыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Серуен</b>                                                                                                                            | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. ( <b>қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Кешкі ас</b>                                                                                                                          | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. ( <b>коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту</b> )<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. ( <b>шығармашылық дағдылар, музыка</b> )<br>Өнер бұрышында балабақша, ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. ( <b>шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</b> )<br><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b><br>"Балабақша".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>( <b>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті</b> ) |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға</b>                                                                                              | Әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Кеңес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                              |

|        |  |
|--------|--|
| кеңес) |  |
|--------|--|

Тексерген:

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Балдырған » бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Жұлдызша» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.09.2022-09.09.2022ж.

Педагогтің аты-жөні: Бейсенгаж С.Қ.; Байменова Ж.Ш.

| Күн тәртібінің кезеңдері                    | <i>Дүйсенбі</i><br><i>05.09.2022</i>                                                                                                                                                                                                     | <i>Сейсенбі</i><br><i>06.09.2022</i> | <i>Сәрсенбі</i><br><i>07.09.2022</i> | <i>Бейсенбі</i><br><i>08.09.2022</i> | <i>Жұма</i><br><i>09.09.2022</i> |
|---------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                   | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> |                                      |                                      |                                      |                                  |
| <b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b> | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.       |                                      |                                      |                                      |                                  |

|                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                |
